

КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КОНФЕССИЯРАЛЫҚ КЕЛІСІМ:
ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БАҒДАРЛАРЫ

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Мемлекеттік саясаттың іске асуын талдау.....	8
Қысқа және ұзақ мерзімді болжамдар	14
Қорытындылар мен ұсыныстар	14

Авторлар:

Бәкіров Б.Ж.	- «Халықаралық конфессияаралық және дінаралық диалог орталығы» КЕАҚ Басқарма төрағасының орынбасары
Малғараева З.	- Діни аухалды талдау және мониторинг департаментінің директоры
Қалилаханова Қ.Т.	- Съездің бастамаларын іске асыру департаментінің директоры
Бірәлі Э.А.	- Дінтану сараптамасы департаментінің директоры
Тілеубаева К.	- Дінтану зерттеулері департаментінің талдаушы-менеджері
Қазбеков М.	- Діни аухалды талдау және мониторинг департаментінің аға сарапшысы

1. Кіріспе

Қазақстандағы мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастар моделі сенушілердің құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарауға, қоғамдық және діни мүдделердің үйлесімділігін сақтауға, серіктестік қатынастар орнатуға және өзара түсіністікке ұмтылуға негізделген.

Еліміздің Президенті Қ. Тоқаев БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 78-ші сессиясында бейбітшілік мәдениетін қалыптастырудағы дінаралық және конфессияаралық диалогтың маңызды рөлін атап өтті. Бейбітшілік мәдениеті тек «бірлігіміз – әралуандығымызда» және өзара құрмет қағидаттарына негізделі алады, - деп мәлімдеді Мемлекет басшысы¹.

Қазақстандағы конфессияаралық келісімнің тиімді көрсеткіштерінің бірі – елдің халықаралық индекстердегі позицияларын жақсарту саласындағы айтарлықтай жетістіктері. 2024 жылғы Ғаламдық бейбітшілік индексі (Global Peace Index, GPI) деректеріне сәйкес, Қазақстан **163 елдің ішінде 59-орынды** иеленді, бұл елдегі тұрақтылық пен бейбіт жағдайды көрсетеді².

Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабына сәйкес, ұлттық, тарихи немесе отбасылық дәстүрлерге қарамастан, әр адам ар-ождан бостандығына ие, бұл діни сенім, атеизм немесе сенбеушілікті еркін таңдауға мүмкіндік беріп, діни бірлестіктердің қызметіне кепілдік береді. ҚР Конституциясының 1-бабына сәйкес, Қазақстан өзін зайырлы мемлекет деп жариялап, діндердің теңдігін және мемлекеттің барлық діндерден бірдей қашықтықта болуын қамтамасыз ету арқылы діндер мен конфессиялар арасындағы тең құқылы диалог пен өзара әрекеттестікке құқықтық негіз қалыптастырады.

2011 жылдың 11 қазанында қабылданған және бүгінгі күні қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы әр адамның ар-ождан бостандығына, діни наным-сенімдеріне қарамастан теңдікке кепілдік береді және конфессияаралық келісімнің, діни төзімділік пен азаматтардың діни сенімдерін құрметтеудің маңыздылығын айқындайды.

Қазақстанның көпэтносты және көпконфессиялы ел екенін ескере отырып, мемлекеттің бұл құқықтық ұстанымдары конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің негізіне айналады.

Мемлекеттің конфессияаралық келісімді қолдауы діни бірлестіктердің қызметіне қолайлы жағдай жасау арқылы көрініс табады, бұл сенушілер санының, діни бірлестіктер мен ғибадат үйлерінің көбеюіне, сондай-ақ діни және дінтану білім беру мәселелері бойынша ашық қоғамдық пікірталастардың өрбуіне ықпал етеді.

¹ Президент Касым-Жомарт Тоқаев выступил на общих дебатах в рамках 78-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН <https://religions-congress.org/ru/news/novosti/2360>. Қаралым күні: 20.11.2024

² Global Peace Index, GPI. Institute for Economics and Peace, 2024

Қазіргі таңда елімізде 18 конфессияны қамтитын **3980** діни бірлестік тіркелген. Олардың ішінде: 2832 - исламдық, 347 - православтық, 93 - католиктік, 593 – протестант (елуіншілер – 223, баптистік – 196, пресвитериандық – 104, Жетінші күн адвентисттері – 41, лютерандық – 14, методистік – 11, меннонитік – 4), 61 - Ехоба куәгерлері, 23 - Жаңа апостолдық шіркеу, 13 - Кришна санасы қоғамы, 7 – иудаизм, 6 - бахаи, 2 - буддизм, 2 - соңғы күнгі әулиелер Иса Мәсіхтің шіркеуі (мормондар), 1 – муниттер).

2020 жылмен салыстырғанда, діни бірлестіктердің саны **3818-ден 3980-ге** дейін өскен.



Қазақстанның қоғамдық кеңістігінде дәстүрлі діндер маңызды орын алады, олар ұзақ уақыт бойы мәдени бірлік, әлеуметтену және инклюзия функцияларын атқарып келеді. Қазақстанда Құрбан айт және православиелік Рождество мерекелер ретінде атап өтіледі, бұл күндері діндарлар мен азаматтар бір-бірін құттықтап, ислам және православие діндерінің жетекшілері барша халыққа ізгі тілектерін жолдайды.

1992 жылдан бастап Қазақстанда 18 қазан ұлттық дүниетанымның мәнін және мемлекеттік саясаттың басты қағидаттарын бейнелейтін ерекше мереке – Рухани келісім күні ретінде атап өтіледі. Бұл күні елдегі барлық діни бірлестіктер бір үстел басында жиналып, елдегі конфессияаралық келісімді нығайту бойынша алдағы қадамдарды талқылайды.

Қазақстан Республикасында 2003 жылдан бері Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезі өткізіліп келеді, оның басты мақсаты – конфессияаралық

келісімді нығайту, ксенофобияның, діни белгісі бойынша кемсітушіліктің және діни экстремизмнің кез келген көріністерінің алдын алу.



Съезді өткізу Қазақстанның бейбітшілік пен қауіпсіздікті, конфессияаралық келісім мен диалогты нығайтуға арналған халықаралық алаң ретінде танылуына ықпал етеді. Съездің бірегейлігі талқыланатын мәселелердің күрделілігі мен өзектілігінде, сондай-ақ Рим Папасы Франциск, Жоғарғы имам, Әл-Азхар шейхы Ахмед ат-Тайеб, Мәскеу және бүкіл Ресей Патриархы Кирилл, Иерусалим Патриархы Феофил III сияқты әлемдік дін көшбасшыларының және басқа да беделді тұлғалардың қатысуында көрініс табады.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезі аясында қабылданған шешімге сәйкес, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылғы 9 қазанда Астана қаласында «Ортақ болашақты қалыптастыру: дінаралық диалогты нығайтудағы жас лидерлердің рөлі» тақырыбында алғашқы Форум өтті.

Діндерге деген толерантты көзқарасты қалыптастыру мектеп қабырғасынан басталады. Жалпы білім беретін мектептерде «Жаһандық құзыреттілік» пәні енгізіліп, оның аясында 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» атты бөлім қарастырылған. Бұл бөлім зайырлы мемлекет ұғымы, діннің қоғам өміріндегі рөлі, конфессияаралық келісімнің маңыздылығы, сондай-ақ жалған діни және

деструктивті ағымдардың қауіптілігі туралы терең білім беру мақсатында әзірленген.

Елімізде жоғары білікті дін мамандарын даярлау жолға қойылған. Бүгінгі таңда елімізде **14** рухани оқу орны қызмет атқарады, оның ішінде Ислам бағыты бойынша – **12** (1 - «Нұр-Мұбарак» университеті, 9 - медресе колледжі, 1 - ҚМДБ жанындағы имамдардың білімін жетілдіру ислам институты, 1 - ҚМДБ жанында Хусамуддин әс-Сығанақи атындағы Ислам институты) және Христиандық бағытта – **2** (1 – Алматы православиялық рухани семинариясы және 1 – Қарағандыдағы «Мария-Шіркеу анасы» епархияаралық жоғары рухани семинариясы).

Сонымен қатар, «дінтанушы», «исламтанушы» және «теолог» жоғары білімді мамандарын даярлау еліміздің **11** жоғары оқу орнында жүзеге асырылады. Түлектерді даярлау үш деңгей бойынша жүргізіледі: бакалавриат, магистратура және докторантура.

Анықтама: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 6-бабына сәйкес, елде конфессияаралық алауыздықты тудыруы мүмкін ақпараттық материалдардың таралуына жол бермеуді қамтамасыз ететін дінтану сараптамасы жүргізіледі. Дінтану сараптамасы діни мазмұндағы материалдарды дұрыс бағалау мен қоғамдағы конфессияаралық қатынастарды реттеуде маңызды рөл атқарады.

Конфессияаралық келісімді сақтау – заманауи дамыған мемлекеттің ең маңызды құндылығы, өйткені діндер қоғамдық пікірдің маңызды рухани реттеушісі, азаматтық қоғамның белсенді субъектілері және олардың ұстанымдары мен құндылықтық бағдарлары қоғамның бірлігі мен қауіпсіздігіне, конфессияаралық алауыздықтың алдын алуға, сондай-ақ экстремистік көзқарастардың таралуына жол бермеуге тікелей әсер етеді.

Сонымен бірге, конфессиялық әралуандық рухани-адамгершілік байлықтың көзі бола отырып, қазақстандық қоғамдағы діндарлықтың өсуі және басқа да факторларды ескере отырып, болашақта елдегі конфессияаралық келісімге белгілі бір қауіп төндіруі мүмкін. Осыған байланысты конфессияаралық келісімді нығайту және оны әрі қарай дамыту дін саласындағы мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыты.

Осылайша, қалыптасқан тарихи жағдайларда сенушілердің құқықтарын сақтау, діни институттарды одан әрі нығайту, тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті сақтау тек конфессияаралық диалог пен келісім жағдайында ғана мүмкін болады.

Адам құқықтары бойынша заңнамалық деңгейде қабылданған шешімдер, «Бірлігіміз әралуандықта», «Түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидаттарына негізделген идеологиялық плюрализм, зайырлылық – діни бірлестіктердің заңды әрі толыққанды қызметін және олардың арасындағы конфессияаралық келісімді қамтамасыз ететін тұжырымдамалық негіз.



Әдістеме және дерек көздері: Талдау ресми есептердің, зерттеулердің, БАҚ-ты мониторингілеу нәтижелері мен әлеуметтік желілердегі аккаунттарға жүргізілген контент-талдау материалдарының, сондай-ақ «Конфессияаралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығы» КЕАҚ құрылымдық бөлімшелері дайындаған зерттеулер мен дінтану сараптама нәтижелерінің негізінде жүзеге асырылды. Сонымен қатар, алынған деректердің корреляциясын тексеру, белгілі бір көрсеткіштерді негіздеу және дін саласындағы үрдістерді көрсету үшін ашық дереккөздерде жарияланған статистикалық мәліметтер мен әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері пайдаланылды.

2. Мемлекеттік саясаттың іске асуын талдау

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлеттік саясаты, оның ішкі және сыртқы саясатының ортақ жоспарларына енгізілген. Қазақстан конфессияаралық келісімнің бірегей тәжірибесін әлемдік қауымдастыққа ұсынып келеді.

Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің жеті Съезі әртүрлі діндер мен өркениеттер өкілдері арасындағы диалогты, өзара түсіністікті және үйлесімді қарым-қатынастарды нығайтуға елеулі үлес қосты. Съездер барысында маңызды құжаттар – Съезд қатысушыларының Декларациялары мен Үндеулері қабылданды. Бұл құжаттар әлемдік дін көшбасшыларының әділетті, қауіпсіз және өркендеген әлем құруға деген ұмтылыстары мен үндеулерін қамтыды, сондай-ақ Съезд қатысушылары үшін «кодекс» рөлін атқаратын конфессияаралық диалогтың негізгі қағидаттары бекітілді.

2022 жылғы 14-15 қыркүйекте Қазақстан астанасында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезі өтті. Оның тақырыбы – «Пандемиядан кейінгі кезеңде адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің рөлі». Съезд жұмысы аясында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің ізгі ниет Елшілері институтын құру арқылы рухани дипломатия әлеуетін іске асырудың негізі қаланды.

Съездің негізгі месседждері:

✓ халықтар арасындағы бейбітшілік – діндер арасындағы бейбітшіліктің ажырамас бөлігі;

✓ діни бауырластық – ғаламдық адамзат бауырластығының маңызды құрамдас бөлігі;

✓ әлемдік дағдарыстардың күшеюі оларды шешудің жаңа тәсілдерін талап етеді, сондықтан дін лидерлерінің бірлігі ерекше маңызды;

✓ алауыздықтар Біріккен Ұлттар Ұйымының жарғысындағы келіссөздер үстелінде шешілуі керек;

✓ санкциялар, санкциялар қауіпі және күш қолдану адамзат мәселелерін ешқашан шеше алмайды. Дұрыс жол – гуманитарлық идеяларға қайта оралу;

✓ экология, экономика және денсаулық сақтау саласындағы жаһандық мәселелерді тек бірлескен, ұжымдық күш-жігер арқылы ғана шешу;

✓ Зорлық-зомбылықты, қақтығыстарды, қауіптер мен тәуекелдерді ешқашан ақтауға болмайды. Оларды шешудің әдістері – «аспанның батасын алатын, адамға лайық тәсілдер: кездесулер, диалог, шыдамдылықпен жүргізілетін келіссөздер, олар әсіресе балалар мен жас ұрпақтарға ерекше қамқорлықпен жүзеге асырылуы тиіс»;

✓ әлемдік дін лидерлері ар-ождан дауысы мен рухани беделін өзара құрметті, жанашырлықты және бірлікті нығайтуға, келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешуге, әртүрлілікті байлық ретінде мойындауға және өшпенділік идеологиясына қарсы тұру үшін болашақ ұрпақтармен ынтымақтастықта болуға бағыттауы тиіс.

✓ дін лидерлері өз қауымдастықтары арасында зорлық-зомбылық жасамауды насихаттауға және ксенофобия, нәсілшілдік пен толеранттылықты бұзудың барлық нормаларынан бас тартуға шақырады.



VII Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі барысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезін 2023-2033 жылдарға дамыту тұжырымдамасы» стратегиялық құжатын әзірлеп, қабылдау туралы бастама көтерді. 2023 жылы Секретариаттың келесі отырысына дейін Съезді дамытудың келесі 10 жылға арналған тұжырымдамасы әзірленді.

Тұжырымдамаға сәйкес, Съезд үшін басты басымдық – халықаралық институттармен және алаңдармен дипломатиялық және серіктестік қатынастарды нығайту, сондай-ақ серіктестер шеңберін кеңейту және қызмет географиясын ұлғайту мақсатында Съездің БҰҰ институттарымен және басқа да беделді халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығын тереңдету.

Қазіргі таңда Съездің жүйелі институционалдық дамуының қарқынды процесі жүріп жатыр, оны өзіндік «межконфессионалдық Давосқа» айналдыру бағытында өзгерістер енгізілуде. Осылайша, Съезд барлық діндер, халықаралық ұйымдар, саяси қайраткерлер мен сарапшылар үшін ең беделді диалог алаңы ретінде қызмет атқарады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық диалог пен ынтымақтастықты нығайту процесі жалғасуда. Өңірлік Дін істері басқармалары жанынан құрылған Діни бірлестік жетекшілерінің клубтары жүйелі түрде өзара ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған іс-шаралар ұйымдастыруда. Іс-шаралар форматтарының кеңеюі байқалуда, оның ішінде спорттық жарыстар, сенбіліктер, ағаш отырғызу, көрмелер, шеберлік

сабақтары және басқа да шаралар өткізілуде. 2024 жылғы 26-27 шілдеде Астана қаласында конфессияаралық фестиваль өтті. Фестиваль аясында бизнес-тренингтер, түрлі тақырыптар бойынша дәрістер, діни бірлестіктер өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Маңызды діни мерекелерде діни көшбасшылар бір-бірін өзара құттықтайды (Ораза айт, Құрбан айт, Рождество, Пасха және т.б.).

Діни әдебиеттер мен діни мазмұндағы материалдарға дінтану сараптамасын жүргізу аясында қоғамдағы тұрақтылық пен діни топтар мен конфессиялар арасындағы келісім қамтамасыз етіледі. Соңғы үш жылда (2022 жылдан 2024 жылғы қазан айына дейін) **9 мыңға жуық** материалға дінтану сараптамасы жүргізілді. Оның ішінде **1500** материалда конфессияаралық және діни алауыздықты қоздыру фактілері, сондай-ақ адамның діни наным-сенімдеріне байланысты құқықтарына қол сұғу белгілері анықталды. Осыған байланысты аталған материалдар Қазақстан Республикасының аумағында таратуға және пайдалануға ұсынылмады.

Осылайша, дін өкілдерінің сеніміне құрметсіздік белгілерін анықтау, деструктивті мазмұндағы ақпараттың таралуына жол бермеу мақсатында дінтану сараптамасын жүргізу адамдар арасындағы түсінбеушілікті болдырмаудың, адамның діни сеніміне деген құқықтары мен бостандығын қорғаудың, сондай-ақ діни тұрақтылықты сақтаудың кепілі болып табылады.

Конфессияаралық келісімді қамтамасыз етуде ақпараттық-түсіндіру топтарының (*бұдан әрі – АТТ*) қызметі ерекше маңызға ие. Олар бүкіл ел бойынша кең аудиторияны қамтуға мүмкіндік береді және халыққа жергілікті деңгейде діни ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Қазақстанның АТТ қызметі саласындағы мемлекеттік саясаты айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді: бүгінде елде **227** өңірлік АТТ жұмыс істейді, олардың құрамында **2683** маман бар. Мысалы, 2024 жылдың басынан бері АТТ лекторлары діни экстремизмнің алдын алу және қазақстандықтардың бір-біріне толерантты қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған **50** мыңнан астам іс-шара өткізді. Мұндай ауқымды қамту радикалды идеологияға қарсы қоғамдық иммунитетті нығайтуға ықпал етеді.

2024 жылы орын алған су тасқыны кезінде діни бірлестіктердің әлеуметтік жауапкершілігі мен азаматтық белсенділігінің артуының нәтижесі ретінде олардың қайырымдылық көмектерін атап өтуге болады. Мысалы, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (*ҚМДБ*) зардап шеккен тұрғындарды мешіттер мен медреселерге орналастыруды ұйымдастырды, зардап шеккен отбасыларға көмек көрсету үшін имамдар мен еріктілерден арнайы топтар құрды (<https://clck.ru/39rh25>), зардап шеккен отбасыларға азық-түлік пен киім жеткізді³ (<https://clck.ru/39rhAC>), қаржылай көмек көрсетіп, баспана ұсынды⁴ (<https://676.su/z2lw>). Өз кезегінде

³ Анықтама үшін: Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Қарағанды, Ұлытау облыстарына 100 тонна ұн, 860 қап жарма, 4448 литр күнбағыс майы жеткізілді;

⁴ Анықтама үшін: екі мүгедек баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған анаға пәтер беріліп, зардап шеккендерге 23 млн теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді.

Қазақстанның Православ шіркеуі зардап шеккендерге уақытша баспана, киім және азық-түлікпен қамтамасыз етті (<https://clck.ru/3AL8FU>). «Өмір бастауы» Христиандық Евангелиялық Елуіншілер Шіркеуі 2024 жылдың 14 сәуірінде мұқтаж жандарға көмек көрсетуге арналған арнайы қайырымдылық іс-шаралар өткізді (<https://clck.ru/3AL9hV>). Сондай-ақ діндарлардың тарапынан мұқтаж жандарға жеке көмек көрсету жағдайлары да орын алды (<https://clck.ru/3AS6tz>). Осылайша, мемлекет діндер арасындағы диалогты нығайту арқылы түрлі конфессия өкілдерінің бір азаматтық қауымдастыққа жататындығын ерекше атап өтеді. Қоғамдық мәселелерді бірлесіп шеше отырып, діни бірлестіктер ең алдымен өздерін елінің тағдыры үшін жауапкершілік алатын Қазақстан азаматтары ретінде танытады.



Жанама түрде конфессияаралық келісімнің көрсеткіші экстремизм мен терроризм қаупінің төмендеуі. Мысалы, соңғы үш жылда Қазақстанда Ғаламдық терроризм индексі (Global Terrorism Index, GTI) нөлдік көрсеткішке дейін төмендеді⁵.

Мемлекеттік саясат саласындағы үрдістер: Қазақстандағы діни ахуалды сипаттай отырып, оның елдің жалпы саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тікелей байланысты екенін атап өткен жөн. Экономиканың нығаюы

⁵ Индекс глобального терроризма (Global Terrorism Index, GTI⁵) <https://sdinfo.ru/?p=10078> Қаралым күні 15.11.2024

мен қоғамның демократиялануы нәтижесінде діни саладағы деструктивті үрдістердің тұрақтылыққа қауіп төндіру әлеуеті әлсірейді.

Қазақстан қоғамындағы маңызды үрдістердің бірі – діннің қоғам өміріндегі рөлінің артуы. Оның беделі мен мәртебесі жоғарылап, діни институттардың әлеуметтік функциялары мен ықпал ету салалары кеңейіп келеді. Сонымен қатар, дінге сенушілердің саны артып, халықтың діни ықпалға сезімталдығы күшейіп, діни бірлестіктердің санының өсуі байқалуда.

Қазақстан қоғамында тұрақты басымдыққа ие үрдістер қатарына халықтың мемлекеттік саясатқа деген жоғары сенімі, мемлекеттің зайырлы сипатын сақтау, конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді қолдау, сондай-ақ радикалдық және деструктивті ағымдардан туындайтын қауіп-қатерлер деңгейінің төмендеуі жатады.

Осы тұрғыда «өзгермелі, бірақ басым» болып қала беретін үрдістерге мыналар жатады:

- дәстүрлі діндер мен жаңа діни ағымдар арасындағы қатынастар;
- ұлттық және конфессиялық тиесілікті теңестіру үрдісін сақтау;
- діндердің әлеуметтік-саяси рөлі;
- радикалды діни ағымдарға қарсы тұру;
- діни білім беру және ағарту мәселелерін шешу;
- зайырлы мемлекет жағдайында зайырлы және діни құндылықтар арасындағы тепе-теңдікті табу;
- діннің сыртқы саяси өлшемдері.

Діни саладағы негізгі мәселе – мемлекет пен дін арасындағы қатынастарға қатысты барлық кешенді мәселелерді тұрақты түрде шешу қажеттілігі. Жалпы алғанда, конфессияаралық бейбітшілік пен келісім нақ осы аталған мәселелерді тиімді шешу арқылы сақталып, әрі қарай дамып келеді деп қорытынды жасауға болады.

Сыртқы және ішкі факторлар: Елдегі конфессияаралық келісімді қамтамасыз ететін негізгі сыртқы факторлар Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымы мен басымдықтары:

- Қазақстанның халықаралық және аймақтық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлес қосатын белсенді және жауапты халықаралық қауымдастық мүшесі ретіндегі ұстанымы;

- мемлекеттің сыртқы ашықтығын ілгерілету, елді діндер мен конфессиялар арасындағы ынтымақтастық пен диалогты нығайтуға арналған алаң ретінде таныту. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі секілді бірегей жаһандық институтты ұйымдастыру және өткізу Қазақстанның конфессияаралық диалог пен келісім, жалпыұлттық консенсус пен қоғамды біріктіру құндылықтарына адалдығын көрсетеді;

- тұрақты, әділетті және демократиялық әлемдік тәртіпті құруға жәрдемдесу; барлық мемлекеттермен, мемлекетаралық бірлестіктермен және халықаралық ұйымдармен достық, теңқұқылы және өзара тиімді қарым-қатынастарды дамыту.

Конфессияаралық келісімге оң әсер ететін негізгі ішкі факторлар мыналар:

- Қазақстанда тарихи қалыптасқан өзге сенімдерге, діндерге және мәдениеттерге құрметпен қарау дәстүрін нығайту. Бұл дәстүр қазақстандықтардың діндарлығының ашықтық және төзімділік сияқты маңызды сипаттарында көрініс табады. Аталған ерекшеліктер бүгінде конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді сақтаудың негізіне айналды. Осыдан логикалық түрде Қазақстанның Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съездерін өткізу бастамашысы болғаны туындайды. Әлемдік қауымдастық Қазақстанның этносаралық және дінаралық келісім алаңы ретіндегі еңбегін жоғары бағалайды.

- діни саладағы құқықтарды қамтамасыз ететін заңнамалық базаның, сондай-ақ бейбітшілік пен конфессияаралық келісімді сақтауға бағытталған мемлекеттік стратегияның болуы (*Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспары, Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама*), сонымен қатар «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 6 наурыздағы №280 Жарлығы.

- дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелерін жан-жақты талқылау және жүйелі зерттеулер жүргізу, сондай-ақ уақыт талабына сай түзетулер енгізуге мемлекеттің дайындығы;

- елдің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамында әртүрлі діндер мен конфессиялар арасындағы өзара түсіністік пен құрметті нығайтуға, сондай-ақ діни алауыздықты қоздыруға бағытталған діни әдебиеттердің таралуына жол бермеуге бағытталған дінтану сараптамасын жүргізу.

Мемлекеттік саясатты іске асырудағы елеулі тежегіш факторлардың бірі – білікті мамандардың, әсіресе өңірлерде, жетіспеушілігі. Сонымен қатар, ресурстардың шектеулі болуы жүргізіліп жатқан саясаттың тиімділігін тұрақты мониторингтеу мен талдауды жүзеге асыруды қиындатады, бұл өз кезегінде уақытылы түзетулер енгізу үшін қажет.

Тиімділікті бағалау: Қазақстанның діни саладағы мемлекеттік саясатының тиімділігі айтарлықтай табыстарды көрсетуде. 2024 жылы жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде респонденттердің өзге діндерге құрметпен қарау және конфессияаралық келісімді сақтаудың маңыздылығын жоғары бағалайтыны анықталды. «Конфессияаралық келісім – елдің тұрақты дамуының кепілі» деген тұжырымды респонденттердің 76,4%-ы қолдаған⁶. Сонымен қатар, зерттеу

⁶ Религиозно-этнический фактор жизнедеятельности общества: взаимообусловленность, проблемные аспекты и тенденции развития / *Аналитический доклад* / Бакиров Б.Ж., Липина Т.А., Иманмухамед Д.С., Идрисов А.Ж.,

барысында діни және этномәдени бірлестіктер өкілдері конфессияаралық келісім бойынша мемлекеттік саясатты бірауыздан қолдап, жоғары бағалаған.

2023 жылы «Стратегия»⁷ әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы жүргізген зерттеулер нәтижесінде қазақстандықтардың 69,7%-ы мемлекеттік саясатты жалпы қолдайтыны анықталды. Ал толық қолдамайтындардың үлесі небәрі 4,7%-ды құраған. Бұл көрсеткіш қоғамдық қатынастар мен мемлекеттік саясаттың тұрақты даму қарқынын көрсетеді.

3. Қысқа және ұзақ мерзімді болжамдар

Мемлекеттің діни саладағы ішкі саясаты, заңнамалық шаралар кешеніне, қазақстандық қоғамның тарихи қалыптасқан дәстүрлеріне және мемлекеттік саясаттың одан әрі дамуына негізделі отырып, елдегі конфессияаралық келісімді нығайтуға әрі қарай да ықпал ететін болады.

4. Қорытындылар мен ұсыныстар

Елдегі діни қатынастарды одан әрі үйлестіруге бағытталған тиімді шаралар жүйесін әзірлеу және жүзеге асыру, толерантты сананы қалыптастыру және қазақстандық қоғамдағы экстремизмнің алдын алу – бұл мемлекеттік және жергілікті органдардың, діни бірлестіктер мен азаматтық қоғамның барлық субъектілерінің үйлестірілген күш-жігерін талап ететін кешенді міндет.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы саясаты конфессияаралық келісімді ілгерілету мен нығайту бағытында елдің ішкі және сыртқы саясатының жалпы құрылымына үйлестірілген.

Мемлекеттің конфессиялық саясатына қатысты халықаралық аренадағы ұстанымы, ең алдымен, ұлттық мүдделерді ескере отырып, қоғам өмірінде діни және зайырлы құндылықтардың теңгерімін сақтауға негізделеді.

Осыған байланысты қазіргі Қазақстанда діни және этностық төзімділік дәстүрлі түрде жоғары деңгейде сақталуда. Республиканың конфессияаралық қатынастары тұрақты дамып келеді.

Ұсынымдар:

- Әлемдік және дәстүрлі діндерде сақталған толеранттылық әлеуетін дінаралық келісім саясатын ілгерілету үшін пайдалану.

Сағынбек Г.Н., Нұролла Е., Ғабдыжалил Р.А. – Астана: НАО «Центр Н. Назарбаева по развитию межконфессионального и межкультурного диалога», 2024. – 100 с.

⁷ Қазіргі Қазақстандағы зайырлылық пен атеизм. Орталық Азиядағы Розы Люксембург қорының өкілдігі «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы. Алматы, 2023 ж.

- Қазақстанның діни кеңістігінде туындап жатқан өзекті мәселелерді парасаттылық принциптерін сақтай отырып, кеңінен талқылау, халықтың діни және дінтанулық сауаттылығын арттыруға бағытталған сапалы білім беру бағдарламаларын кеңейту, дін мәселелері бойынша ғалымдардың зерттеу жұмыстарын қолдау.

- Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезін өткізу дәстүрін жалғастыру – бұл әр түрлі елдердегі сенушілер арасындағы байланысты нығайту, әлем бойынша бейбітшілік пен ынтымақтастыққа жетуге бағытталған тиімді фактор. Осы орайда, Съезд жұмысы мен оның мәңгілік құндылықтарын танымал ету, қолдау көрсету және оны тұрақты әрі жүйелі негізде жаһанға ілгерілету қажет.

- Конфессияаралық келісім саласындағы жетістіктер туралы институционалдық жадыны нығайту, оның ішінде тарихи перспективада, киноөндірісі, әдебиет, символика және басқа да құралдар арқылы шығару және кеңінен тарату.

- Республикалық (РАТТ, РАНТ) және өңірлік ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында конфессияаралық келісім мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту. БАҚ пен әлеуметтік желілерде осы мәселелерге қатысты сапалы сараптамалық материалдарды жариялауды жандандыру.

АСТАНА 2024